


Орину системин каттирды экономика, махени амперси муназы



Ежелгі Тараз қаласы



*Оңт. Қазақстандағы ең ірі қала
Испиджаб саналады. Ол 629 ж.
Сюань-Цзянның жылнамасында
"Ақ өзендегі қала" атымен алғаш
аталады. Кейін Махмұт
Қашқари Сайрам — ақ қаланың
аты, ол Испиджаб деп
аталғанын жазады. Испиджаб
аса ірі әкімшілік орталығы ғана
емес, халықаралық сауда
орталығы ретінде де белгілі
болды. Қалада көптеген сауда
құрылыстары, керуен-сарайлары
мен «тимдер» жұмыс істеген.
Керуен-сарайларды Нахшеб,
Бұқара, Самарқанд көпестері
иемденген.*



Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қазақстан жеріндегі ең ірі қала - Испиджаб болған. Халықаралық сауда Орта Азия және Шығыс қалалары шығарған теңгелер және XI – XII ғасырларда Испиджабтың өзінде соғылған шақалар арқылы жүргізілді. Испиджабтан сыртқа ақ маталар, семсерлер, қару-жарақ, мыс пен темір шығарылды. Қала бүкіл шығысқа құл саудасымен белгілі болды. Испиджабтың төңірегінде көптеген қалалар мен елді мекендер орналасқан.





9 ғасырларда және 10 ғасырдың 1-жартысында Жетісуда билік қарлұқтар қолына өтуіне байланысты көшпелі халықтар отырықшылыққа жедел көше бастады. Көшпелі тайпалардың ақсүйектері құнарлы жайылымдарды басып алу, соғыс жорықтары және сауда арқылы байыды. Қоғамның қарапайым мүшелері топ-тобымен отырықшылыққа көшіп, егіншілердің, қолөнершілердің қатарын толықтырды. Осыдан барып үлкенді-кішілі елді мекендер мен қалалар көбейе бастады. 9 – 12 ғасырларда қоғамның өндіргіш күштері үлкен қарқынмен өсті. Орта Азия мен Қазақстандағы саяси билікті басып алған Қарахан әулеті феодал қатынастардың қалыптасуына ықпал жасады. Осы кезде қалаларда діни орындарға арналған құрылыстар, ақсүйектердің сарайлары, су құбырлары, тазалық жүйелері салынды. Жаңа қалалар пайда болды





*Қазақстанның оңтүстігіндегі қала
жұрттарына құрылымында*



*Ішкі қамал
(цитадель)*



*Шахристан
(дуалмен бекіндірілген
қала)*



*Рабад
(қала төңірегіндегі сауда-
қолөнер орны)*



Сызанақ – ортағасырлық қала орны. Сарайджук (Сарайшық) қаласының қираған орны жатыр. Қаланың іргесі XI ғасырда қаланған, гүлденген дәуірі XIII-XIV ғасырлар аралығы. Қала Еуропа мен Азияны жалғастыратын керуен жолы бойында орналасқан. Мұнда салтанатты сарайлар, керуен-сарайлар, моншалар, мешіт-медреселер салынды. Қала кейінірек Алтын Орда хандары жерленген қасиетті орынға айналған.





Саудакеңт Қаратаудың солтүстік беткейінде қазіргі Байқадам кентінің маңында орналасқан. Ежелгі деректерде ол Суғулхан (X ғ.), кейінірек Сулхан (XIII ғ.) деген атпен белгілі. Саудакеңт VII-XII ғасырларда Қаратаудың солтүстік бөктері арқылы өтетін керуен жолы бойындағы ірі сауда мен қолөнердің орталығына айналған. ҚазКСР ҒА-ның Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қазба жұмыстары кезінде II мұнаралы дуалмен қоршалған ескі қаланың орнын ашып алған. Қала орнынан табылған құмыралар, қыштан жасалған түрлі ыдыс-аяқтар оның VI-XV ғасырларда өмір сүргенін дәлелдейді.








Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Түркістан қаласы сонымен қатар орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болғандығы белгілі. Оның мәдени өмірінде дәруіш ақындардың, ислам дінін уағыздаушылардың да шығармалары үлкен орын алады. Олардың қатарына Ахмет Иассауи бастап, оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Жүгнеки, Жүсіп Баласағұндар жатады. Мың жарым жылдан аса өмірбаяны бар Түркістан – ер жүрек батыр қала. Монғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азия мен Қазақстанда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер мен хандықтардың жаугершілігін көрген қала. Тарихи деректерге жүгінсек, сонау сегізінші ғасырға дейін Түркі және Батыс Қазанатының, одан Түргеш Қазанатының құрамына енген Шауғар немесе Иасы жаугершілік заманда бірде арабтардың, бірде қарлұқтардың, енді бірде оғыздардың билігінде орталығы (астанасы) болып келген.







Назар аударғандарыңызға рахмет!